

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімі автокөлік қызметінің гараж механигі	ЛН 264-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 6 беттің 1-беті
---	---	---

Бекітемін
«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды
техникалық университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректор
_____ С.С. Сагинтаева
« ____ » _____ 2024 ж.

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҚ

ШАРУАШЫЛЫҚ БӨЛІМ АВТОКӨЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ГАРАЖ МЕХАНИГІ

ЛН 264-2024

Әзірлеген: ӘЗД директоры
М.М.Кожухова _____

Дана № _____

Көшірме № _____

Қарағанды

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімі автокөлік қызметінің гараж механигі	ЛН 264-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 6 беттің 1-беті
---	---	---

1 Қолдану саласы

Осы лауазымдық нұсқаулық (бұдан әрі – ЛН) «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ) сапа менеджменті жүйесіндегі шаруашылық бөлімінің автокөлік қызметі гараж механигінің лауазымдық міндеттерін, құқықтарын, жауапкершілігін және басқа да персоналмен өзара қарым-қатынасын айқындайды.

2 Жалпы қағидалар

2.1 Автокөлік қызметінің гараж механигі әкімшілік-басқару персоналы санатына жатады.

2.2 Автокөлік қызметінің гараж механигі лауазымына тағайындау және одан босату шаруашылық бөлімі (бұдан әрі – ШБ) бастығының ұсынысы бойынша «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы - Ректорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

2.3 Автокөлік қызметінің гараж механигі өзінің қызметінде:

- қауіпсіздік техникасы жөніндегі ережені;
- осы лауазымдық нұсқаулықты басшылыққа алады.

2.4 Автокөлік қызметінің гараж механигі автокөлік қызметі бастығына бағынады.

2.5 Автокөлік қызметінің гараж механигі орнында болмаған кезде (іссапар, демалыс, ауру, т.б.) оның міндеттерін белгіленген тәртіппен тағайындалған адам орындайды да, ол тиісті құқықтарға ие болады және өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындауға жауапты болады.

3. Сипаттама

3.1 Біліктілік талаптары:

Автокөлік қызметі гаражының механигі лауазымына тиісті мамандық бойынша жоғары білімі және кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар немесе тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнаулы орта, кәсіптік орта) білімі және мамандық лауазымдарында мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар адам тағайындалады.

3.2 Автокөлік қызметінің гараж механигі:

- өндірісті ұйымдастыруға қатысты жоғары тұрған және басқа органдардың қаулыларын, өкімдерін, бұйрықтарын, басқа да басшылық және нормативтік құжаттарды;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімі автокөлік қызметінің гараж механигі	ЛН 264-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 6 беттің 1-беті
---	---	---

- Қазақстан Республикасының Еңбек және еңбек қорғау туралы заңнамасын;

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық актілерін;

- университеттің ішкі тәртіп ережелерін;

- ұйымның техникалық сипаттамаларын, құрылымдық ерекшеліктерін мақсаты, жұмыс режимдерін және жабдықтарын пайдалану тәртібін;

- жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және технологиясын;

- жабдықты монтаждау, реттеу және баптау әдістерін;

- жабдықты жөндеуге тапсыру және жөндеуден кейін қабылдау тәртібін;

- майлау-эмульсия шаруашылығын ұйымдастыруды;

- еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өрттен қорғау ережелері мен нормаларын білуі тиіс.

3.3 Лауазымдық міндеттері:

- автомобиль гаражының өндірістік-шаруашылық қызметіне басшылықты жүзеге асыру, кадрларды іріктеу және орналастыру;

- автокөліктің үздіксіз жұмысын, материалдық ресурстардың шығынын есепке алу және дұрыстығын ұйымдастыру;

- қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес гараж ғимараттары мен аумағын пайдалану және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және оларға басшылық жасау;

- барлық жылжымалы құрамды техникалық тексеруді ұйымдастыру және жүргізу, персоналға жол қозғалысы ережелерін (ЖҚЕ) оқыту, ұжымда еңбек тәртібін қамтамасыз ету;

- ерекшеленген қызметкерлерді көтермелеуге, еңбек тәртібін бұзушыларға тәртіптік жаза қолдануға, қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға ұсыныстар беруге;

- жанар-жағармай материалдарын қауіпсіз қолдануды қамтамасыз ету;

- механизмдердің жай-күйін, жүргізуші құралының, авариялық тоқтату белгілерінің, жеке қорғаныс құралдарының, өртке қарсы құралдардың толықтығы мен жарамдылығын бақылауды ұйымдастыру;

- мүдделер қақтығысын болдырмау немесе реттеу туралы шектеулерді, тыйымдар мен талаптарды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды және өзге де шектеулерді сақтауға;

- қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік әдеп қағидаларын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

- ішкі еңбек тәртібі, өрт қауіпсіздігі ережелерін және еңбекті қорғау ережелерін сақтау.

3.4 Құқықтары:

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімі автокөлік қызметінің гараж механигі	ЛН 264-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 6 беттің 1-беті
---	---	---

- өзіне бағынысты қызметкерлерді көтермелеу немесе әкімшілік жазалау туралы ұсыныстар енгізу;
- еңбек өндірістік тәртібін бұзған адамдарды жұмыстан шеттету және оларды жұмыстан шығару.

3.5 Жауапкершілік:

- лауазымдық нұсқаулықта көзделген өзінің қызметтік міндеттерін тиісінше орындамағаны немесе мүлде орындамағаны үшін;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамасында айқындалған шектерде өз қызметін жүзеге асыру процесінде жасалған құқық бұзушылықтарға, оның ішінде сыбайлас жемқорлығы үшін;
- материалдық залал келтіргені үшін
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек және азаматтық заңнамасында айқындалған шектерде;
- университеттің еңбек тәртібі мен ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін.

3.6 Өзара қарым-қатынас

Жұмыс барысында автокөлік қызметінің гараж механигі автокөлік бастығымен қызметтік қарым-қатынасқа түседі.

4 Құжатқа өзгерістер енгізу

Осы ЛН-қа өзгерістер мынадай жағдайларда енгізіледі:

- функциялар мен лауазымдық міндеттерді қайта бөлгенде;
- қайта құру немесе қысқарту кезінде;
- ұйымның атауы өзгергенде немесе лауазымның атауы өзгергенде.

5 Келісу және қолданысқа енгізу

Лауазымдық нұсқаулық:

- инфрақұрылымды дамыту жөніндегі директормен;
- Заң бөлімінің бастығымен;
- ПОҚ және қызметкерлер кәсіподақ комитетінің төрағасымен келісіледі.

Лауазымдық нұсқаулықты «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректоры бекітеді.

6 Сақтау

Лауазымдық нұсқаулық «Танысу парағында» (Б қосымшасы) лауазымдық нұсқаулықтың түпнұсқасында және көшірмесінде қол қойылып, қызметкердің назарына жеткізіледі. Танысу туралы қолы қойылған бекітілген нұсқаулықтың есепке алынған данасы ШБ беріледі, ал түпнұсқасы ӘЗД кадр бөлімінде сақталады.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімі автокөлік қызметінің гараж механигі	ЛН 264-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 6 беттің 1-беті
---	---	---

А Қосымшасы
(міндетті)

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімі автокөлік қызметінің гараж механигі	ЛН 264-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 6 беттің 1-беті
---	---	---

Б Қосымшасы
(міндетті)

Φ.02-2024

Танысу парағы

[illegible]

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады